



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№9 (969) Сәрсенбі 4 наурыз 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

Әрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос
каждого из нас!

www.election.gov.kz

15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН
ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КҮӘЛІКТЕРІ

Азамат тұратын жері өзгерген кезде басқа референдум учаскесінде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін ала алады

Есептен шығару куәлігін
27 ақпаннан бастап
алуға болады.

Есептен шығару куәлігін беру
14 наурызда сағат 18.00-де
тоқтатылады.



01 Дауыс беру кезінде азамат есептен шығару куәлігін және жеке басын куәландыратын құжаттың ұсынады (электрондық нұсқасын да көрсете алады)



02 Учаскелік референдум комиссиясы азаматты республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізеді және дауыс беруге арналған бюллетень береді



03 Есептен шығару куәлігі бір рет пайдаланылады және азамат дауыс берген учаскеде қалады

Жоғалған есептен шығару куәліктері қалпына келтірілмейді! Есептен шығару куәлігі бір елді мекен ішіндегі басқа учаскеде дауыс беруге қатысқысы келетін азаматтарға берілмейді

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫН ӨНІРЛІК ДЕНГЕЙДЕ ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ректоры Нұрғалым Әбіров құқық қорғау органдарының басқармалардың, жергілікті оқу орындарының басшыларымен, профессорлар және студенттермен, адам және бала құқықтары жөніндегі уәкілдермен кездесті.

Онда «Заң мен тәртіп» қағидатын өнірлік деңгейде нақты іске асыру, құқық қорғау органдарының кәсіби әлеуетін арттыру, ғылым мен практиканың өзара байланысын күшейту мәселелері талқыланды.

Нұрлыбек Машбекұлы еліміздің құқық қорғау, заң шығару салаларындағы ауқымды реформаларға тоқталды.

«Мемлекет басшымыз 2026 жылғы 15 наурызда жаңа Конституцияға арналған республикалық референдум өткізу жөнінде Жарлыққа қол қойды. Конституция жобасында Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығы сақталып, мемлекеттің унитарлы сипаты мен шекарасына, аумақтық тұтастығына қол сұғуға болмайтыны нақтыланған. Біздің мақсатымыз ортақ, ол – Тәуелсіз еліміздің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, халқымыздың өмір сүру сапасын арттыру.

Ал «Заң мен тәртіп» қағидатының Конституция деңгейінде бекітілуі заң үстемдігі мемлекет пен қоғам өмірінің басты құндылығына айналатынын білдіреді. Бұл міндет, ең алдымен, құқық қорғау жүйесінің кәсібилігіне, кадр сапасы мен басқару мәдениетіне тікелей байланысты.

Былтыр 30 желтоқсанда Мемлекет басшымыз «Құқықбұзушылық профилактикасы туралы» заңға қол қойды. Бұл заң құқықбұзушылықтың алдын алуды жазалау шараларынан басым қойып, профилактиканың бірнұсқалық жүйесін қалыптастырады.



Кәмелетке толмағандар арасындағы құқыққа қайшы мінез-құлықтың, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу бойынша кешенді әрі ведомствоаралық жұмысты күшейтуге мүмкіндік береді.

Президентіміздің тапсырмасымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымына енгізілді. Бүгінде бағдарлама «Заң мен тәртіп», «Еңбек адамы», «Таза Қазақстан» ұстанымдары аясына жүйеленді. Бұл – болашағына алаңдайтын, ұрпақ тәрбиесін басты құндылық санайтын еліміз үшін айрықша маңызға ие бағыттар», – деді Н.Нәлібаев.

Жиында Нұрғалым Әбіров сөз сөйлеп, академия білікті кадрлар даярлап, құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізетінін, оның түлектері құқық қорғау жүйесінің кәсіби әлеуетін нығайтып, «Адал азамат» қағидатын іске

асыруға белсенді үлес қосатынын айтты. Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Ожаров, Қорқыт ата атындағы университетінің ректоры Наурызбай Байқаламов, академияның кафедра меңгерушісі Артур Баймаханов күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндама жасады.

Сөз қорытындысында облыс әкімі барша жұртшылықты алдағы маңызды саяси кезеңде елдік мүдде жолындағы іске жоғары жауапкершілікпен белсенді атсалысуға шақырды.

Жиын соңында аймақ басшысы, ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының ректоры, облыс прокуроры мен облыстық полиция департаментінің бастығы Қызылорда облысында кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалатын құқықбұзушылықтардың профилактикасы саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл туралы келісімге қол қойды.

БИЫЛҒЫ ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖОБАЛАРЫ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында автожол саласын дамыту мәселесі талқыланды.

Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысып, отырыстан соң жауапты сала басшыларына күн тәртібіндегі мәселеге орай жиналыс өткізді. «Үкімет» басшысы орталық атқарушы органдар мен өңір әкімдеріне саладағы жұмыстарды бақылауға алып, сапалы жүргізуді тапсырды.

Биылғы жоспарланған жол құрылысы жобалары сапалы әрі мерзімінде жүзеге асырылуы керек. Жол сапасын жақсарту, жөндеу, асфальт төсеу қазан-қараша айларына дейін толық аяқталуы тиіс.

Өздеріңізге белгілі, әрбір жобаға қойылатын басты талап – құрылыс сапасы. Дегенмен Жол активтері ұлттық сапа орталығы жүргізген тексеруден кейін бірқатар кемшілік анықталды. Бұл кемшіліктер толық қалпына келтірілуі тиіс.

Мемлекет басшымыз Ұлттық құрылтай отырысында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автоделізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы басталатынын, «Бейнеу – Сексеуіл» жолының құрылысы биыл қолға алынатынын атап өтті. Бұл жобалар Президентіміздің тікелей бақылауында.

Аталған маңызды жобалардың мерзімінде басталуын қамтамасыз етіңдер. Тіпті министрліктермен жұмыс жасаныңдар.

Қыстың соңғы күндері табиғат тосын мінез көрсетіп, бір күн бойы нөсер жаңбыр жауды. Артынша қатты жел тұрып, аяз болды. Қызылорда қаласы мен Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарына қарасты бірқатар елді мекендегі электр желілеріне, қондырғыларға, ағаштарға толықтай мұз қатып, қалың қар жауып, бағаналар, талдар құлады. Салдарынан 250-ден астам электр бағанасы құлап, 80 шақырымға жуық желі үзілді.

Апатты жағдайды қалпына келтіру мақсатында жедел штаб құрылып, «Қызылорда электр тарату тораптары» компаниясының 170-тен аса маманынан құралған жедел жөндеу бригадалары, 80 арнайы техника жұмылдырылды. Тұрғындарды мүмкіндігінше қысқа мерзімде электр энергиясымен қайта қамтамасыз ету үшін 24 сағат бойы үзілссіз, күйейтілген режимдегі жұмыс екі ауысымда жүргізілуде.

Уақытпен санаспай, күні-түні нысандар басынан табылған коммуналдық мекеме қызметкерлеріне, қалпына келтіру жұмыстарына атсалысқан, жағдайға түсіністікпен қараған жергілікті тұрғындарға, елді ауызбірлікке шақырған ауыл ақсақалдарына, ел ағаларына зор алғысымызды білдіреміз», – деді Н.Нәлібаев.

Сондай-ақ, басқосуда коммуналдық салалар жұмысты күшейтілген режимде жалғастыруы қажет екені айтылды. «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясындағы санитарлық тазалық жұмыстары да күн тәртібінен түспейді. Бұл бағытта да нақты тапсырмалар жүктелді.

Еске салайық, өткен жылы жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, 329 шақырым автомобиль жолы, көшелер мен көпірлер жөндеуден өтті. Нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті.

«Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының облыс аумағынан өтетін 216 шақырымның құрылысы толығымен аяқталып, пайдалануға берілді. Биыл да жол инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 56 жобаға қаржы бөлінді. Оған өңірдегі 136 шақырым жол мен көпір өткелдері жөнделеді.

ЖЕКЕ МЕКТЕП ҒИМАРАТЫН ОБЛЫСТЫҚ КОММУНАЛДЫҚ МЕНШІККЕ БЕРУ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Р.Әліарыстанұлы атындағы жеке мектепті мемлекеттік меншікке алу бойынша меморандумға қол қою рәсімі өтті. Оған жауапты сала басшылары, селекторлық режимде қала, аудан әкімдері, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы атқарылған ауқымды жұмыстарға, соңғы жылдары бюджет қаржысының басым бөлігі әлеуметтік салаға, оның ішінде білім саласына бағытталғанына тоқталды. «Өңірімізде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен тың бастамалар жүзеге асырылуда. Жас ұрпақтың сапалы білім алуы – жұмысымыздың басты басымдығы. Білім беру саласына соңғы 3 жылда 812 млрд. 245 млн. теңге, биыл 302 млрд. теңге қаралды.

Бөлінген қаржының түпкілікті мақсатқа жетуін қадағалаудың нақты шараларды қабылданған. 2023 жылдан бері «Фейс-бақылау» мобильдік қосымшасы қолданысқа енгізіліп, балабақшаларға жалған тіркелген 19 263 бала анықталды, 28 млрд. 100 млн. теңге үнемделді. Емхананың жалған анықтамасын тіркеу, негізсіз демалыс күндерін анықтау есебінен 6 млрд. 700 млн. теңге бюджетке қайтарылды.

Облыста демографиялық өсім мен халықтың көпші-қону белсенділігі жоғары болғандықтан, оқушы санының жыл сайын артқаны байқалады. Жаңа оқу жылында 1-11 сыныпта 189 288 оқушы тіркелді, өткен оқу жылымен салыстырғанда 4 364 балаға көбейген. Осы ретте орын қажеттілігі жеке инвестиция есебінен де шешімін табуда. Жеке секторға мемлекет тарапынан қолдау жасалған. Біз өз кезегімізде таза, шынайы жұмыс істейтін кәсіпкерлерді

үнемі қолдап келеміз.

Өткен мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтиярұлы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында 2023 жылдың қыркүйегінде ашылған «Орда скул-2» жеке мектебін мемлекет меншігіне сыйға берді. Бүгін де дәл сондай игі істің куәсі боламыз.

Біздің ең бірінші міндетіміз – бабаларымыздың жан-жақты, сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. Өскелең ұрпақ тәрбиесімен айналысатын барша бастамаларыңызға сәттілік тілеймін және ортақ жұмысты бірлесіп атқаруға шақырамын!» – деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде облыстық білім басқармасының басшысы Аскарбек Есжанов пен Р.Әліарыстанұлы атындағы жеке мектептің құрылтайшысы Шәркүл Иманбердиева мектеп ғимаратын облыстық коммуналдық меншікке беру туралы меморандумға қол қойды.

Сонымен бірге Шәркүл Иманбердиева, мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Досманбетов, «Ұлағат» мектебінің құрылтайшысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қалқазбек Әжібеков сөз сөйлеп, жас ұрпаққа сапалы білім берудің маңыздылығына тоқталды.

Айта кету керек, өткен жылы өңірде 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық бабы аясында 10 мектеп салынып, пайдалануға берілді.

ҚАРМАҚШЫДА АРДАГЕРЛЕРМЕН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін! өңірлік коалициясының бастамасымен Қармақшы ауданының аға бұйы өкілдерімен мазмұнды кездесу ұйымдастырылды. Ерекше форматта өткен жиынның басты мақсаты – әзірленіп жатқан жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттарын түсіндіру және ұсынылатын өзгерістердің ел дамуына тигізер ықпалын кенінен талқылау болды.

Іс-шараға өңірлік коалиция жетекшісінің орынбасары Мұрат Тлеумбетов, коалиция мүшелері Ержан Искендір мен Садық Мұстафа, аумақтық коалиция жетекшісі Әділ Кошалбақов, сондай-ақ аумақтық коалиция мүшелері Болат Бөкетов, Құлжауһар Раева және Ғалымжан Ақжігітов қатысты.

Кездесу барысында конституциялық жаңғыртудың басым бағыттары жан-жақты сараланды. Атап айтқанда, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейту, еңбек адамын қолдау және оның қоғамдағы мәртебесін арттыру, жергілікті өзін-өзі басқару институттарын жетілдіру мәселелері қаралды.

Спикерлердің айтуынша, бұл бастамалар ауылдық

аймақтардың дамуына серпін беріп, инфрақұрылымды жаңартуға, білім беру мен денсаулық сақтау саласын жақсартуға, сондай-ақ әлеуметтік қолдау шараларын кеңейтуге мүмкіндік жасайды.

Жаңа өзгерістер аясында Конституция деңгейінде бекітілетін кепілдіктер халықтың мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне қатысу мүмкіндігін арттыра түседі. Бұл – ашық қоғам қалыптастыруға, билік пен бұқара арасындағы сенімді нығайтуға бағытталған маңызды қадам.

Кездесу барысында ардагерлер өз ой-пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын білдірді. Ашық диалог алаңы қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылап, ортақ ұстаным қалыптастыруға жол ашты.

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІНЕ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЖОБАСЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» өңірлік коалициясының мүшелері Қазалы ауданына жұмыс сапарында аудандық электр торабы мекемесінің ұжымымен кездесті. Жиында Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты, Конституциялық комиссияның мүшесі Мұрат Тлеумбетов, өңірлік коалиция мүшелері, облыстық мәслихат депутаты Ержан Искендір, Садық Мұстафа мен аумақтық коалиция мүшелері ұжымға Ата заңға енгізіліп отырған негізгі өзгерістерді және олардың қоғам үшін маңызын кенінен түсіндірді.

Жиында Мұрат Тлеумбетов «Жаңа Конституция не үшін қажет?» деген сұраққа тоқталып, оның еліміздің дамуындағы маңыздылығын атап өтті.

«Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қабылданған Конституция еліміздің бірлігін сақтауға үлкен үлес қосты. Алайда уақыт өзгерген сайын заң да жаңарып отыруы тиіс. Соның отыз жылда еліміз түбегейлі өзгерді, жаңа ұғымдар мен құндылықтар қалыптасты. Сол өзгерістерді құқықтық тұрғыда реттеу үшін жаңа Конституция қажет. Ұсынылған Конституция жобасы ұзақ әрі жан-жақты жұмыс нәтижесінде әзірленді. Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы алты ай бойы жұмыс жасады. Азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан 10 мыңнан астам ұсыныс түсті. Заманауи сын-кәтерлер мен қоғам сұраныстарды ескере отырып Конституциялық комиссия дайындалған жобаны көпшілікке

ұсынды. Сондықтан әрбір қазақстандық реформалардың мәнін түсініп, саналы тандау жасауы маңызды», - деді Конституциялық комиссияның мүшесі Мұрат Жолкелдіұлы.

Сонымен қатар, өзге спикерлер Конституция жобасында еңбек адамының мәртебесін арттыруға, кәсіби шеберлік пен еңбексүйгіштік құндылықтарын нығайтуға бағытталған бірқатар маңызды нормалар көзделгенін жеткізді. Бұл бастамалар қоғамда еңбектің қадірін арттырып, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге ықпал ететінін айтты.

Ұжым қызметкерлері мұндай кездесулер құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, азаматтардың ақпараттану деңгейін арттыруға және қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтуға ықпал ететінін білдірді. Сонымен қатар, референдум әрбір азаматқа ел болашағына өз үлесін қосуға мүмкіндік беретін маңызды қадам екенін атап өтті.

БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының өкілдері — Рүстем Ізтілеуов, Талғат Телесбаев, Асылжан Жаманқұл және Нұрлан Әмір білім саласының өкілдерімен мазмұнды кездесу өткізді. Жиынның басты мақсаты – 2026 жылғы 15 наурызда өтетін республикалық референдумға ұсынылған Жаңа Ата заң жобасының негізгі бағыт-бағдарын түсіндіру, оның қоғам үшін маңызын ашық көрсету болды.

Кездесу барысында Талғат Рахымұлы Жаңа Конституция жобасының мән-маңызына жан-жақты тоқталды. Ол құжаттың ең басты ерекшеліктерінің бірі – ана тілімізде әзірленіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін нақтылай түсетіндігі екенін атап өтті. Бұл – тек құқықтық құжат қана емес, ұлттық болмыс пен мемлекеттік тұтастықты айқындайтын стратегиялық негіз екенін жеткізді.

Сонымен қатар, референдум – халық еркін тікелей биліретін демократиялық тетік екенін айтып, барша азаматтарды 15 наурыз күні өз таңдауын жасауға шақырды. Асылжан Жаманқұл өз сөзін ұстаздар қауымын алдағы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтаудан бастады. Ол білім саласы қоғамның рухани тірегі екенін, ал ұстаздар ел болашағын тәрбиелейтін негізгі күш екенін ерекше атап өтті. Сондай-ақ, Жаңа Ата заң жобасының әлеуметтік бағыттарына тоқталып, референдумның өркендеті, зайырлы мемлекеттерде кенінен қолданылатын саяси құрал екенін түсіндірді. Халықтың тікелей

қатысуы арқылы қабылданған шешімнің легитимдігі мен маңызы жоғары болатынын баса айтты.

Рүстем Ізтілеуов пен Нұрлан Әмір өз кезегінде Жаңа Конституция жобасында қарастырылған бірқатар маңызды мәселелерге назар аударды. Атап айтқанда:

- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейту;
 - әлеуметтік әділеттілік қағидаларын нақтылау;
 - билік беру саласына қатысты кепілдіктерді айқындау;
 - мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен есептілігін арттыру.
- Олар реформалардың табысты жүзеге асуы әр азаматтың белсенді азаматтық ұстанымына байланысты екенін атап өтті. Әсіресе білім саласы қызметкерлерінің қоғамдық пікір қалыптастырудағы ролі ерекше екені айтылды.
- Жиын соңында коалиция өкілдері барша жиналған қауымды 15 наурыз күні өтетін референдумға қатысып, ел болашағы үшін маңызды шешім қабылдауға шақырды.

БАСТЫ ТАЛАП – АВТОЖОЛ САЛАСЫН ДАМУ

Облыс әкімінің төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда автожол саласын дамыту жайы қаралды. Жиында көтерілген мәселе бойынша қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов алдағы міндеттерді пысықтады.

Қызылорда қаласы аумағындағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 793,8 шақырым, оның 715,9 шақырымы қалашілік көшелер, 77,9 шақырымы аудандық маңызы бар автомобиль жолдары.

Өткен жылы аймақ басшысының қолдауымен қала аумағында жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттік барлық көздерінен 30 млрд теңгеге жуық қаражат бағытталды. Нәтижесінде жоспарға енген автомобиль жолдары жөнделіп, 1



жол құрылысы жүргізілді. 2 көпір құрылысы мен 4 көпірді күрделі жөндеу жұмыстары атқарылды. Биыл да облыс әкімінің

тапсырмасымен жол инфрақұрылымын дамытуға басымдық беріліп отыр. Ол үшін бюджеттен қажетті қаражат көздері қарасты-

рылған. Бұған дейін салынған, алдағы уақытта құрылысы мен жөндеу жұмыстары жүргізілетін жолдардың және көшелердің сапасына ерекше мән беру қажет. Сонымен қатар, жолдардың жағдайына жүйелі түрде талдау жүргізу керек. Жыл сайын бұл саладағы жобалар саны мен жұмыс ауқымы ұлғайып келеді. Соған сәйкес, халыққа тиімді ұсыныстарыңызды енгізіңіздер, - деді Нұржан Сәбитұлы.

Жиын соңында қала әкімі тиісті сала басшыларына аталған бағыт бойынша атқарылатын шараларды нақтылап, жоспарға сәйкес орындау мерзімдерін белгілеуді тапсырды. Сондай-ақ, Ұлттық жол активері сапасы орталығымен бірлесіп, жол сапасына мониторинг жүргізіп отыруды міндеттеді.

Көктемгі әскерге шақыру



800-ДЕН АСТАМ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ОТАН АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШЫН ӨТЕЙДІ

Қызылорда облысында 2026 жылғы көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқаны басталды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасарының міндетін атқарушы Нұрлыбек Сейтханов мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, биыл наурыз-маусым айлары аралығында 800-ден астам сирбойылық жас сарбаз ҚР Қарулы күштері мен өзге де әскери құрылымдар құрамында Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады.

«Көктемгі шақырылым барысында өңірімізден 800-ден астам азамат әскери қызметке жіберіледі. Оның ішінде Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметіне 100-ге жуық, Қарулы күштер қатарына 400-ден астам, Ұлттық ұланға 300-ге жуық, Мемлекеттік күзет қызметіне 15-тен астам, Төтенше жағдайлар министрлігіне 30-ға жуық жас жігіт жолданады. Бұл ел қауіпсіздігін қамтамасыз

етуіндегі маңызды қадам.

Әскер қатарына елімізді қорғауға қабілетті, денсаулығы мықты, дене бітімі шыныққан, білім деңгейі жеткілікті және моральдық-іскерлік қасиеттері жоғары азаматтар іріктеледі.

Әскери қызмет жас буын үшін тәртіп пен жауапкершіліктің, отансүйгіштіктің пен азаматтық ұстанымның мектебі», - деді Нұрлыбек Қалыбекұлы.

Әскерге шақырылушылар медициналық тексерістен толық өтіп, заң талаптарына сәйкес сараптамадан өтеді. Барлық ұйымдастыру жұмыстары қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүргізілуде.

АУДАН ӘКІМІ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ АРАЛАП, ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов жұмыс сапарымен Басықара, Қ.Пірімов, Жалаңтос бағыр, Ғ. Мұратбаев, Абай ауылдары және Қазалы қаласына барып, тұрғындармен кездесу өткізді.

Тұрғындармен өткен кездесулер барысында аудан басшысы Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен өңірде инфрақұрылымды жаңғырту, жол жөндеу жұмыстары, ауысу және электр желілерін жаңарту, білім беру мен денсаулық сақтау нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында атқарылған жұмыстар жайында тұрғындарға жеткізді. Былтыр жылы жүзеге асырылатын жоспарлар, жаңа жобалар мен алдағы кезеңге белгіленген басым бағыттар туралы толық айтып өтті. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының Сыр өңірінде өткен Ұлттық Құрылтайдың V отырысындағы талқыланған маңызды шешімдер, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ата Заңына жалпыхалықтық референдум арқылы өзгерістер енгізу, Конституциядағы адамға бағытталған жаңа өзгерістер жайында тұрғындарға кенінен түсіндіріп өтті. Осы ретте, аудан басшысы Жаңа Конституция жобасын қолдауға тұрғындарды белсенділік танытып, бірлік пен ауызбіршіліктің үлгісін көрсетуге, елдің жарқын болашағы жолында ортақ жауапкершілік танытуға шақырды.

Аудан басшысы өз сөзінде ауылдық елді мекендердің әлеуетін арттыру, халықтың табысын көбейту және шағын кәсіпкерлікті дамыту – бүгінгі

күннің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Осы орайда «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылай және ұйымдастырушылық қолдау тетіктері, жеңілдетілген несие алу мүмкіндіктері, жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған жобалар туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға нақты жауап беріп, көтерілген ұсыныстар мен мәселелер тікелей бақылауында болатынын айтты.

Кездесулер барысында Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Заң мен тәртіп» қағидаты аясындағы жұмыстарға тоқталып, құқықбұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және «шімдіксіз ауыл» бағытындағы жобалардың маңызын атап өтті. Тұрғындарды қоғамдық тәртіпті нығайтуға және аталған бастамаларға белсенді қолдау көрсетуге шақырды.

Сапар аясында аудан әкімі елді мекендер мен Қазалы қаласында орналасқан референдум учаскелерін аралап, олардың материалдық-техникалық дайындығымен, даус беру барысын ұйымдастыруға жасалған жағдайлармен танысты. Учаскелердің қолжетімділігі, қауіпсіздік талаптарының сақталуы, мүмкіндігінше шектеулі азаматтарға арналған жағдайлар да назардан тыс қалмады.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР БАСТАЛДЫ



Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері Нәлхожа Ақбалаұлы Ерғешбаевты еске алуға арналған тоғызқұмалақтан халықаралық турнирдің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Тағалымы мол шараға облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Еренғалиұлы, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық мәслихаттың тұрақты комиссия төрағасы Бауыржан Сәндібаев, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірбек Шәменов, Қазақстанның Еңбек Ерлері Абзал Ералиев пен Имамзада Шағыртаев, облыстық мәслихат депутаты Жорабек Нұрымбетов, «Тоғызқұмалақ спорты федерациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің вице-президенті, ұлттық құраманың бас жаттықтырушысы Айнұр Жақабаева, Қожа Ахмет Яссауи университетінің «Халықаралық

Түркі зияткерлік ойындар» орталығының басшысы, халықаралық дәрежедегі төреші Қашымхан Дәуренқұлов, Қызылорда облыстық тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығының президенті Әбдіқадыр Ерғешбаев қатысты.

Салтанатты жиында сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Еренғалиұлы Нәлхожа Ақбалаұлының өнегелі ғұмыр жолы мен аймақ дамуына сіңірген елеулі еңбегіне тоқталды. Аймағымыздың өркендеуіне бар күш-жігерін арнап, ел игілігі жолында аянбай қызмет еткен азаматтардың есімін ұлықтау – баршамызға ортақ парыз. Нәлхожа Ақбалаұлы – саналы ғұмырын халық игілігіне арнаған, жастардың білімді де бәсекеге қабілетті болып қалыптасуына айрықша көңіл бөлген бірегей тұлға. Оның бастамасымен өңірімізде бірқатар спорт нысандары мен мәдениет ошақтары бой көтерді. Бүгінгі дәстүрлі халықаралық турнир

– сол еңбектің жарқын жалғасы деп білемін. Бүгінгі долада нағыз мықты спортшылар топ жарып, жеңіс тұғырынан көрінді деп сенемін, — деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

Сондай-ақ жиын барысында зиялы қауым өкілдері мен құрметті қонақтар құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға жеңіс тіледі. Айтпа кетейік, дәстүрге айналған халықаралық турнир биыл тоғызыншы рет ұйымдастырылып отыр. Байрақты бәсекеге Қырғызстан, Әзірбайжан, Түрікменстан, Ауғанстан мемлекеттерінен және еліміздің барлық өңірінен келген 450-ге жуық спортшы өзара сайысады.

7-ші наурызға дейін жалғасатын жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы медальдар және дипломдармен марапатталады.

«АНАҒА ТАҒЫМ» ОРТАЛЫҒЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Жалпыұлттық коалиция өкілдері «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» бастамасы аясында «Анаға тағым» орталығында жаңа Ата заң жобасының мазмұнын түсіндіруге арналған кездесу өткізді. Жиынға коалиция мүшелері Гүлшат Мұсаева, Нұридин Амитов, Фарид Қалиева және Майра Боранбаева қатысып, конституциялық реформаның өзекті бағыттарына кеңінен тоқталды.

Кездесу барысында Гүлшат Исақызы ең алдымен жаңа Конституция жобасының басты ерекшелігі — адамға бағдарланған мемлекет қағидаты екені атап өтті. Жобаға сәйкес, адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде айқындалады. Бұл — әділеттілік, заң үстемдігі және тәртіп қағидаттарын нақты іске асыруға бағытталған қадам. Конституция тек құқықтық құжат ғана емес, сонымен бірге мемлекеттің құндылықтық бағдарына айналатыны айтылды.

Жиында Нұридин Егенбердіұлы саяси жүйедегі маңызды өзгерістерге де ерекше назар аударды. Атап айтқанда,

145 депутаттан тұратын бір палаталы Парламент — Құрылтай құру ұсынысы, пропорционалды сайлау жүйесіне көшу, сондай-ақ Қазақстан Халық Кеңесін қалыптастыру мәселелері талқыланды. Бұл тетіктер азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуын кеңейтіп, өкілді демократияны күшейтуге бағытталғанын айтты.


Коалиция өкілдері жаңа Конституцияда ұлттық бірегейлік пен егемендік мәселесіне де айрықша мән берілгенін жеткізді. Мемлекеттің ұлттық сипаты, аумақтық тұтастығы, тәуелсіздігі өзгермейтін құндылықтар ретінде бекітіледі. Сонымен қатар, қазақ тілінің мәртебесі, ұлттық валюта

— теңгенің конституциялық деңгейде айқындалуы елдің саяси-экономикалық егемендігін нығайтатын нормалар ретінде бағаланды.

Жаңа жоба адами капиталды дамытуға басымдық береді. Білім, ғылым, мәдениет және инновациялар стратегиялық бағыт ретінде бекітіледі. Бұл — Қазақстанның болашағы табиғи ресурстармен емес, зияткерлік әлеуетпен айқындалатынын білдіретін түбегейлі бетбұрыс. Сонымен бірге, цифрлық ортадағы азаматтардың құқықтарын қорғау нормалары алғаш рет конституциялық деңгейде қарастырылып отыр.

Жиын соңында қатысушылар жаңа Конституция жобасы — кең қоғамдық талқылаудың нәтижесі екенін, онда халықтан түскен мыңдаған ұсыныс ескерілгенін айтты. Коалиция өкілдері алдағы референдум — ел болашағына қатысты тарихи шешім екенін атап өтіп, азаматтарды белсенділік танытуға шақырды.

«ДЕНСАУЛЫҚ — ӨМІР САЛТЫНЫҢ ШЕБЕРЛІГІ: ЖАҚСЫ ӨМІРГЕ ҚАДАМ БАСУ»



**Тазалық — денсаулық негізі,
Денсаулық — байлық негізі.**

Адамның басты байлығы — денсаулық. Денсаулығымыз — байлықтан да қымбат. Біз үшін денсаулықтан артық бағалы зат жоқ. Денсаулығымыз жақсы болу үшін салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы зор. Тәуелсіз мемлекетіміздің іргегі болар жас ұрпақтың дені сау болса ғана бник шыңдарға қолы жетері, халқына қызмет етері даусыз.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында айтылғандай, «Салауатты өмір салтын» ұстау қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, парасатты, мәдениетті, дені сау азамат өсіру отбасының, балабақшаның, жалпы халықтың қасиетті борышы екені баршамызға аян. Колледжіміздің де, оқытушыларымыз бен студенттеріміздің де негізгі мақсаты болашақта жас ұрпақты халқына қалаулы, ата-ананың мақтаншы, дені сау, сымбатты, шыныққан адамгершілігі мол азамат етіп өсіріп тәрбиелеу.

Адамның денсаулығы — қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның, студенттің көңіл-күйі көтеріңкі болып, сабаққа, еңбекке арқашан құлшына кіресің. Халқымыз «Дені сауың — жаны сау» деп орындай айтқан. Отанымыздың келешегі, көркеюі — салауатты өмір салтын сақтау қолдауда. Қараңғы үйге кіріп келіп шам жақсаңыз, шам үйді жарық қылады. Көп қызыл гүлдің ішінен бір ақ гүл көрсен, көзін соған түседі. Біздің де өмірімізді жарық қылатын, жан-жағымызға тамаша сәулесін шашатын, өмірдегі басты байлық — денсаулық. Денсаулық — бұл адамның еңбекке белсенді болуы, әрі ұзақ өмір сүруі, тәтті саулығын және рухани саулығын сезіну. Денсаулық — баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш — жігерді, не еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек. Денсаулық үшін өмірдің бір бөлімінде киноға болады. Денсаулық — адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөле қарау қажет, оны орынсыз ысырап етпеу керек, үнемі денсаулықтың қорын көбейтіп отыру керек.

Қазіргі заманда жастардың денсаулығы — өзекті мәселелердің бірі. 16-17 жастағы оқушылар мен студенттердің күнделікті өмірінде ұйқы тапшылығы, дұрыс емес тамақтану, спортпен шұғылданбау және зиянды әрекеттерге бой ұру жиі кездеседі. Мұндай өмір салты жас организмнің қалыптасуына кедергі келтіреді. Бұл мақалада дұрыс тамақтанудың, спортпен шұғылданудың, ұйқының маңызы мен зиянды әдеттердің денсаулыққа әсері қарастырылады. Төменде денсаулыққа қажетті маңызды факторлар көрсетілген, соларға тоқталсақ.

1. Дұрыс тамақтанудың маңызы. Ағза дұрыс жұмыс істеу үшін пайдалы әрі теңгерімді тағам қажет. Жасөспірімдер көбінесе фастфуд, газды сусын, тәттілерге әуес. Бұл

тамақтарда ағзаға қажет дәрумендер мен минералдар аз.

Мысалы, таңғы ас ішпейтін оқушылардың сабаққа зейіні төмендеп, еске сақтау қабілеті нашарлайды. Теңгерімді ас — көкөніс, жеміс-жидек, сүт өнімдері, балық пен ет — адамның денсаулығын жақсартады.

2. Спортпен шұғылданудың рөлі. Физикалық белсенділік — салауатты өмір салтының негізі. Қозғалыс жетпейтін жастар арасында артық салмақ, жүрек-қан тамырлары аурулары жиі кездеседі.

Күнделікті таңғы жаттығу жасау, велосипед тебу, жүгіру немесе қоғамдық ойындармен айналысу — денені шынықтырады, иммунитетті көтереді және көңіл-күйді жақсартады. Алғашына кемінде 3-4 рет спортпен айналысқан пайдалы.

3. Ұйқы және оның жетіспеушілігі. Жасөспірімдерге тәулігіне 8-9 сағат ұйқы қажет. Бірақ қазіргі таңда студенттердің көбісі түнде телефон қарап, сабақты кеш оқып, ұйқы режимін бұзады.

Ұйқы тапшылығы — зейінділік пен ойлау қабілетінің төмендеуіне, шаршау мен ашушандыққа, тіпті иммундық жүйенің әлсіреуіне алып келеді.

Дұрыс ұйқы кестесі: бір уақытта ұйықтап, бір уақытта ояну, түнгі 22:00-23:00 аралығында ұйықтау — пайдалы әдет.

4. Зиянды әдеттердің әсері. Темекі шегу, ішімдік ішу, энергетикалық сусындарға тәуелділік — жастар арасында жиі кездесетін зиянды әрекеттер. Бұл әдеттер бауыр, жүрек, ми қызметіне зиян келтіріп қана қоймай, психологиялық және әлеуметтік мәселелерге де әкеледі.

Көп жағдайда бұл әрекеттерді жастар стрессті жену немесе ортаға бейімделу үшін жасайды. Алайда мұндай әрекеттердің салдары ауыр болуы мүмкін. Денсаулықты сақтау үшін зиянды әрекеттерден аулақ болу — саналы таңдаудың көрінісі.

Ауруды ағзаларға жолатпау, адамдардың өз қолында. Сол себепті, әр адам салауатты өмір салтын қалыптастыру керек. Салауатты өмір салтын ынталандыру арқайсысымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, зиянды әрекеттерден аулақ болып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымыз қажет.

Денсаулық кепілі дене шынықтыру жаттығуларымен ғана дамиды. 15-17 жастағы адамның денсаулығының, әсіресе ой-қабілеті мен жат қылықтарға құмар болуы немесе одан бас тартуы, дұрыс орта таңдап, сол ортаға қарай өзгеруі алдағы уақытта оның өміріне үлкен әсерін тигізуі сөзсіз шындық.

Дене шынықтыруды нығайтуды оқыту технологиясы жасөспірімді жинақтылығын, зейінін, ойлау белсенділігін және есте сақтау қабілетін қажет етеді. Дене шынықтыруды нығайту үрдісінде жасөспірімнің, жалпы өсіп жетіліп келе жатырған бойжеткен болсын, ер жігіт болсын ойлау қабілеттерін рухани өсетикалық талғамдарын, өз денсаулығын, алға қойған мақсаттарын, ұйымдастырушылық және аккөңілдік

қасиеттері қалыптасады. Өсіп келе жатқан баланың барлығы тәрбие үрдісінде денсаулықтарын нығайтуға және жеке жан-жақты дамуына үлесін қосады.

Денсаулық — зор байлық — дейді дана халқымыз. Ойлап қарасақ, денсаулық адам баласына табиғат сыйлаған басты байлық. Денсаулықтың мықты болуы — адамның өзіне байланысты, бірақ біріншіден, табиғатынан да денсаулығы мықты адамдар кездеседі. Әдетте, денсаулықтың қадірін адам ауырғанда ғана білетіні өкінішті-ақ.

Денсаулықты сақтаудың бірден-бір жолы — зиянды, жат қылықтардан бойын аулақ салып, салауатты өмір салтын ұстанып өмір сүру. Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеу әлдеқайда тиімдірек. Егер әр адам ақылға салып, табиғаттың өзіне сыйлаған мүмкіндіктерін орынды пайдаланып, гигиеналық тәртіпті бұзбай жүрсе, денсаулығына зиян келтірмей, ұзақ өмір сүрген болар еді. Бала күннен қалыптасқан жеке бастың тазалығын сақтау әдеті болашақта да өз денсаулығына зор қамқорлықпен қарауға үйретеді. Тамақ ішер алдында да, сырттан келген кезде де міндетті түрде қолды сабынмен жуу керек. «Қолым таза ғой» деп бірден тамаққа отырса, түрлі ауру микробтарын жұқтырып ауырып қалады. «Тазалық — денсаулық кепілі» деп бекер айтылмаған. Бақшадан, базардан әкелген көкөністерді де міндетті түрде жуып жеу керек. Өйткені, олардың сырты шаң-кір болады. Сондықтан да тамақты жақсылап асықпай, шайнап жеу керек. Денсаулығымызды бір бұзып алсақ, ақшаға да сатып ала алмаймыз. Ал таза жүрек, ауру-сырқаудан аман-сау боламыз.

Қорыта келгенде, Салауатты өмір салтын ұстану — әрбір жастың өз қолында. Дұрыс тамақтану, жеткілікті ұйқы, спортпен шұғылдану және зиянды әдеттерден аулақ болу — тек денсаулықты ғана емес, болашақ табысты өмірді де қамтамасыз етеді. Қазірден бастап осындай пайдалы әдеттерді қалыптастырған жастар — ертенгі күні дені сау, табысты тұлға болады.

Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау — өз болашағына салынған берік іргетас.

Пайдаланылған әдебиеттер мен ақпарат көздері:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі. «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» әдістемелік нұсқаулығы. — Нұр-Сұлтан, 2020 ж.
2. Жүнісова А. «Жасөспірімдердің денсаулығы және өмір салты» // Медицина және денсаулық журналы. — №3, 2021. — Б. 25-30.
3. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (WHO). Healthy diet. — 2023.
4. Назарбаев Зияткерлік мектептері. «Дұрыс тамақтану мен дене белсенділігі бойынша нұсқаулық». — 2022 ж.
5. Қуанышев Д. «Ұйқы тапшылығы мен жастар денсаулығы» // Жас Ғалым. — №2, 2021. — Б. 12-16.
6. WHO. Physical activity factsheets for the 28 European Union Member States of the WHO European Region. — 2022.
7. Мектеп оқулығы: «Биология 10-сынып». — Алматы: Мектеп, 2021.
8. Қазақстандағы Ұлттық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының ресми сайты — www.hls.kz

Садықова Ұлбосын МҮСТАФАҚЫЗЫ, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі «Көлік және коммуникация» бөлімшесінің арнайы пән оқытушысы



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ БОЛАШАҚ МАМАНДАРҒА ӘСЕРІ

Бұл мақалада жасанды интеллекттің (ЖИ) қазіргі қоғамдағы орны, оның болашақ мамандар мен кәсіби салалардың дамуына әсері жан-жақты талданады. ЖИ технологияларының артықшылықтары мен кемшіліктері, оларды қолданудың әлеуметтік-экономикалық салдары қарастырылады. Сонымен қатар, цифрлық трансформация жағдайында ЖИ-дің бизнес, білім беру, өндіріс және шығармашылық индустрияларындағы маңыздылығы көрсетіледі. Мақала ЖИ-мен жұмыс істейтін болашақ мамандардың күзиреттіліктерін қалыптастырудың өзектілігін атап өтіп, кәсіби бағытталуға әсер ететін негізгі факторларды саралайды. Кілт сөздер: жасанды интеллект, цифрлық трансформация, болашақ мамандар, технологиялық даму, артықшылықтар, кемшіліктер, кәсіби бағдар, бизнес, жаңа технологиялар, цифрландыру, қоғам.

Жасанды интеллект (ЖИ) — адамзат өркениетінің дамуына жаңа кезең қалыптастырып отырған негізгі технологиялық бағыттардың бірі. Бүгінде қоғамның барлық саласында цифрлық трансформация жүріп жатқандықтан, ЖИ тек техникалық құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістерге ықпал ететін қозғаушы күш ретінде қарастырылады. ЖИ-ді түсіну, оны тиімді пайдалану және оның мүмкіндіктерін мен шектеулерін нақты ажырата білу — XXI ғасыр мамандарына қойылатын басты талаптардың бірі.

Бұл мақалада ЖИ-дің қоғамдағы рөлі, кәсіби саладағы артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ болашақ бизнес иелеріне әсері жан-жақты талданады. ЖИ-дің қоғамдағы рөлі жыл сайын күшейіп келеді, себебі оның қолдануы ауқымы өте кең. Қоғамдық процестерді басқарудан бастап, денсаулық сақтау, өндіріс, білім беру мен экономиканы дамытуға дейін ЖИ шешуші құралға айналып отыр. Ең басты ерекшелігі — ол ақпаратты қорыту жылдамдығын арттырып, күрделі мәселелерді қысқа уақытта шешуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, ЖИ — автоматтандырудың негізгі күші. Заманауи кәсіпорындарда өзіндік желілерін басқару, техникалық ақауларды алдын ала болжау, логистиканы оқтайландыру секілді тапсырмалар ЖИ арқылы жүзеге асады. Бұл тек еңбек өнімділігін арттырып қоймай, жұмыс қауіпсіздігін де күшейтеді.

Екіншіден, ЖИ — деректерді талдаудың ең тиімді құралы. Бүгінгі таңда барлық салада үлкен көлемдегі мәліметтер (Big Data) қалыптасып отыр. ЖИ осы деректерді жүйелер монотонды, қайталанатын, болжаулар шығарады. Мысалы, медицинада ауруды ерте анықтау, экономикада нарықтық өзгерістерді болжау, экологияда климаттық үрдістерді модельдеу ЖИ-дің көмегімен іске асады.

Үшіншіден, ЖИ қоғамдық қызмет көрсетудің сапасын жақсартуда маңызды рөл атқарады. Электронды үкімет, онлайн банкінг, автоматтандырылған анықтамалық жүйелер — барлығы азаматтарға жылдам және қолжетімді қызмет ұсынуға бағытталған.

ЖИ-дің ең маңызды артықшылығы — адамның жұмысын жеңілдетіп, еңбек өнімділігін арттыру. Автоматтандырылған жүйелер монотонды, қайталанатын, физикалық немесе интеллектуалды жағынан күрделі жұмыстарды тиімді атқара алады. Бұл адамдарға шығармашылық және стратегиялық ойлауды талап ететін жұмыстарға көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

1. Жұмыс тиімділігін арттыру. ЖИ жүйелері тапсырмаларды дәл және қателіксіз орындауға бейім. Мысалы, банктік транзакцияларды тексеру, құжаттарды сұрыптау немесе техникалық диагностика жасау барысында ЖИ-дің қателесу ықтималдығы адамға қарағанда әлдеқайда төмен. Бұл ұйымдардың жалпы тиімділігін арттырып, уақыт пен ресурсты үнемдейді.

2. Шешім қабылдауды жылдамдату. ЖИ үлкен көлемдегі ақпаратты қысқа уақыт ішінде талдап, нақты ұсыныстар бере алады. Кәсіпорын басшылары үшін бұл стратегиялық шешім қабылдауды жеңілдетеді. Мысалы, маркетингте тұтынушылардың мінез-құлқын болжау, қаржы саласында тәуекелді бағалау сияқты әрекеттер деректерге негізделген түрде жүргізіледі.

3. Қауіпсіздік деңгейін көтеру. Өндірістік нысандардағы қауіпті аймақтарды бақылау, жол қозғалысын реттеу, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету — барлығы ЖИ-ді қолдану арқылы жаңа деңгейге көтеріледі. Автоматтандырылған жүйелер бейнебақылауды талдап, күдікті жағдайды ертерек анықтай алады.

4. Жаңа мамандықтардың пайда болуы. ЖИ тек қолданыстағы мамандықтарды өзгертіп қана қоймай, жаңа кәсіби бағыттардың пайда болуына ықпал етеді. Мысалы, деректер ғылымы (data scientist), машиналық оқыту инженерлері, ЖИ этикасы бойынша сарапшылар — осының бәрі қазіргі заман талап етіп отырған жаңа мамандықтар.

Артықшылықтарымен бірге ЖИ-ді қолданудың бірқатар кемшіліктері бар. Оларды ескермеу қоғам мен болашақ мамандар үшін белгілі бір тәуекелге әкелуі мүмкін.

1. Жұмыс орындарының қысқаруы. Автоматтандыру нәтижесінде кей салаларда дәстүрлі жұмыс орындарының саны азаюы мүмкін. Әсіресе, қарапайым, қайталанатын жұмыстарды атқаратын мамандардың сұранысы төмендейді. Осыған байланысты болашақ мамандарға жаңа дағдыларды меңгеру қажеттігі туындайды.

2. ЖИ шешімдерінің түсіндірілмеуі. Кейбір нейрондық желі модельдері «қара жәшік» принципін жұмыс істейді, яғни қабылдаған шешімінің қалай шыққанын түсіндіру қиын. Бұл медицина, сөз жүйесі сияқты салаларда қосымша тәуекел туындайды.

3. Қауіпсіздік пен құпиялық мәселелері. ЖИ-дің қателігі немесе кибершабуылдар жеке ақпараттың таралуына, жүйелердің істен шығуына алып келуі мүмкін. Қоғамда цифрлық қауіпсіздік мәдениетін дамыту қажет.

4. Этикалық мәселелер. ЖИ-ді қолдану адам құқығы, әділдік, жауапкершілік сияқты этикалық сұрақтарды туындайды. Мысалы, алгоритмдердің белгілі бір топтарға қатысты әділетсіз шешім қабылдау қаупі бар.

ЖИ болашақ мамандардың кәсіби дамуына үлкен ықпал етеді. Біріншіден, еңбек нарығында цифрлық дағдылары жоғары мамандарға сұраныс артады. Сондықтан білім беру жүйесі ЖИ-ді меңгеруге бағытталған пәндер мен дағдыларды дамытуға тиіс.

Екіншіден, мамандарға креативтілік, критериялды ойлау, эмоционалды интеллект, коммуникация сияқты адами қабілеттері жетілдіру қажет. Бұл қабілеттер ЖИ алмастыра алмайтын маңызды қасиеттер қатарына жатады.

Үшіншіден, ЖИ мамандардың жұмыс процесін жеңілдетіп, оларды күрделі мәселелерді шешуге бағыттайды. Мысалы, агрономдар үшін дрондар мен смарт-датчиктер егістіктерді бақылауды жеңілдетес, дәрігерлер үшін диагностикалық жүйелер шешім қабылдауға көмектеседі.

Қорытынды Жасанды интеллект — болашақ мамандардың кәсіби бағытын түбегейлі өзгертіп жатқан озық технология. Оның қоғамдағы рөлі күннен күнге артып, түрлі салаларда жаңа мүмкіндіктер ашуда. ЖИ-ді тиімді қолдану — прогрестің кепілі. Дегенмен, оның артықшылықтарымен қатар кемшіліктерін де ескеріп, жауапкершілікпен пайдалану қажет. Болашақ мамандар үшін ЖИ-ді меңгеру — табысты мансап пен заманауи әлемде өз орнын табудың басты жолы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. А. Ж. Асамбаев. Жасанды интеллект негіздері: Оқулық. Алматы, ЖІСР РПБК «Дәуір» 2011 ж. — 136 б.
2. Смит, Дж. (2020). «Жасанды интеллекттің білімге әсері». Білім беру технологиясы журналы, 123-136.
3. Браун, Л. (2018). «ЖИ негізіндегі оқыту қолданбалары: ағымдағы тенденцияларға шолу». International Journal of Educational Technology, 1456.
3. Ұлттық білім беру зерттеулері орталығы. (2017). «Оқытудың болашағы: ЖИ және білім». Зерттеу есебі, 426.

Әлжанов Арман БОСТАНҰЛЫ, Исатай Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі «Ауылшаруашылық мамандықтар» бөлімшесі Жетекшісі: Қамбарбек Жұлдызай Қамбарбекқызы



МӘМС: жаңа талаптар мен міндеттер

Өңірде медициналық ұйымдар арасында апараттық-түсіндіру жұмыстары жалғасуда. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының мамандары медициналық қызмет көрсетушілермен онлайн және офлайн форматта кездесулер өткізді.

Іс-шаралар барысында медициналық қызметкерлерге МӘМС жүйесіндегі жаңашылдықтар, Пациенттерді қолдау және ішкі бақылау қызметінің міндеттері, пациенттермен өзара іс-қимыл нормалары, сондай-ақ жұмыс ұйымдастыруға қатысты өзге де өзекті мәселелер жан-жақты түсіндірілді.

Қор филиалының мамандары елде медициналық қызметтердің сапасын арттыруға, медициналық ұйымдардың қызметін бағалауға және халықтың сенім деңгейін көтеруге бағытталған реформалар

белсенді түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Олардың айтуынша, денсаулық сақтау жүйесіндегі жаңашылдықтардың іске асырылуы медициналық ұйымдардың жұмыс үдерістерін жетілдіруге және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға дайын болуына тікелей байланысты.

Негізгі міндет - халықты МӘМС жүйесімен барынша қамту және сапалы медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету екені атап өтілді.

Қазіргі таңда облыста Қормен 124 медициналық ұйыммен келісімшарт жасалған, оның ішінде 93-і – жекеменшік, 31-і - мемлекеттік.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАК Қызылорда облысы бойынша филиалы

ҚОР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҰРАҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ

ӘМСҚ денсаулық сақтау саласын қаржыландыру және азаматтарға медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытындағы жүйелі жұмысын жалғастыруда.

Премьер-Министрдің 2026 жылғы 16 қаңтардағы тапсырмасына сәйкес, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Қаржы министрлігінің басқаруына берілді.

Қорда атап өткендей, аталған ұйымдастырушылық өзгерістер операциялық қызметке әсер етпеді: жұмыс штаптық режимде жүргізілуде, медициналық ұйымдар алдындағы барлық міндеттемелер толық көлемде орындалуда.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) аясында медициналық көмекті қаржыландыру тұрақты түрде жүзеге асырылуда. Пациенттер үшін медициналық қызметтердің шектелуі немесе қолжетімсіздігіне қатысты тәуекелдер жоқ.

Медициналық ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында келісімшарттардың жылдық сомасының 20%-ына дейін алдын ала төлем (аванс) жасалды. Бұл қызмет көрсетушілерге жұмысты жоспарлы түрде ұйымдастыруға және халыққа медициналық көмекті үздіксіз көрсетуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Қорда ағымдағы жылға арналған медициналық қызметтерді сатып алу қорытындыларын жариялады. Атап айтқанда, 2026 жылғы медициналық көмекті сатып алуға 2 679,7 млрд теңге қарастырылған. Оның ішінде:

- 1 316 млрд теңге – ТМККК аясында;
- 1 363,7 млрд теңге – МӘМС жүйесінде.

Быыл халыққа 1859 медициналық ұйым қызмет көрсетеді.

Оның ішінде 1757 мекеме МӘМС аясында қызмет көрсетуші болып табылады. Аталған ұйымдардың:

- 608-і – мемлекеттік;
- 1 149-ы – жекеменшік ұйымдар.

Бұл мемлекеттік емес сектордың белсенді қатысуын және бәсекелесіп ортаның нығайуын айғақтайды және өз кезегінде медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасының артуына ықпал етеді.

Қорда қолданыстағы заңнамаға сәйкес, төлем тек нақты көрсетілген медициналық қызметтер үшін жүргізілетінін еске салады. Яғни, төлем дәрігер қабылдауы, консультация, зерттеулер, диагностика немесе ауруханаға жатқызу секілді нақты көрсетілген қызметтер үшін ғана жасалады. Пациенттің нақты қатысуынсыз қызметтерді рәсімдеу көзделмеген және оған жол берілмейді.

«МӘМС жүйесіндегі әр теңге мақсатты түрде жұмсалып. Қор тек медициналық көмектің расталған жағдайларына ғана төлем жүргізеді. Бұл – ашықтық пен қаржылық тәртіпті қамтамасыз етудегі біздің қағидатты ұстанымымыз», – деп атап өтті ӘМСҚ Басқарма төрағасы Гүлмира Сәбденбек.

Қор қаражаттың тиімді әрі ашық пайдаланылуын қамтамасыз ету бағытындағы бақылау жұмысын күшейтуде. 2025 жыл бойынша өңірлердегі деректерге егжей-тегжейлі талдау жүргізілуде. Қате көрсетілген және төленген қызметтер анықталған жағдайда заңнамада көзделген шаралар, соның ішінде есеп айырысуды түзету және қаражатты қайтару тетіктері қолданылады.

Сонымен бірге бақылау жұмысы тәуекелге негізделген тәсіл қағидаттары бойынша ұйымдастырылуда. Қор мониторингтің сараланған тәртібін қамтамасыз ететін тәуекелдерді басқару жүйесін

(ТБЖ) енгізуде. Келісімшарт міндеттемелерін тұрақты әрі адал орындайтын медициналық ұйымдар үшін әдімшілік жүктемесі азайтылған тексеру форматы қолданылады. Бұл бақылау ресурстарын тәуекелі жоғары аймақтарға бағыттауға және қаржылық тәртіп пен медициналық ұйымдардың тұрақты дамуында теңгерімді сақтауға мүмкіндік береді.

Заңбұзушылықтар анықталып, расталған жағдайда медициналық ұйымдар мен лауазмды тұлғаларға қаржылық тәуекелдер мен МӘМС жүйесіне қатысу шектеулерінен бастап, материалдарды құқық қорғау органдарына жолдауға дейінгі заңнамаға сәйкес шаралар қолданылады.

Қор сондай-ақ цифрлық тексеру құралдарын жетілдіру және мемлекеттік тіркеу жүйелерімен өзара іс-қимылды жақсартып, медициналық қызметтер сапасын және қаражаттың дұрыс жұмсалынуы қамтамасыз ету мақсатында алдын алу бақылауын күшейтуде.

ӘМСҚ-да атап өткендей, мұндай жағдайларды анықтау – МӘМС қаражатының ашық әрі тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі бақылау жұмысы. Қор сақтандырылған азаматтардың мүддесін қорғау мақсатында барлық қажетті шараларды қабылдауды жалғастырады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметі

Ресми сайт – <https://msqory.kz/ru/>
YouTube-канал – https://www.youtube.com/@msqory_kz
Telegram-канал – <https://t.me/medsaqtandyruru>
Facebook – <https://www.facebook.com/msqory/>
Instagram – https://www.instagram.com/msqory_kz/

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификацияланған.

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

БІРЫҢҒАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ПАКЕТІ

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медициналық қызмет көрсету мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы күшіне енді. Негізгі жаңашылдықтардың бірі – халық үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға және көлемін кеңейтуге бағытталған Бірыңғай медициналық көмек пакетін қалыптастыру болды.

Бірыңғай пакет аясында әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша консультативтік-диагностикалық көмектің қалай көрсетілетінін таныстыру мақсатында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы өңірдегі медициналық ұйымдарға баспасөз турын ұйымдастырды.

Алғашқы нысан – №3 қалалық емхана. 2025 жылы мұнда құны 79,1 млн теңгені құрайтын AR-Mammo цифрлық маммографы орнатылды. Бұл сүт безі ауруларын жоғары дәлдіктен скринингтен өткізуге және диагностикалауға арналған заманауи модульдік жүйе. Құрылғы кисталар, фиброаденомалар және катерлі ісіктерді қоса алғанда, патологияларды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Аппарат жоғары сапалы цифрлық кескіндер алуды қамтамасыз етеді және жаппай скринингтік тексерулерге де, тереңдетілген диагностикаға да қолданылады.

Дәрігер-рентгенолог Әлімжан Сағымбайұлы жабықтың мүмкіндіктері туралы айтып берді:


«Бұл аппаратта тексеру жергілікті дәрігердің жолдамасы бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі аясында жүргізіледі. Маммография нәтижелері 5–10 минут ішінде дайын болады. Күн сайын 40-70 жас аралығындағы 30-ға дейін пациент қабылдаймыз. Біздің міндетіміз – онкологиялық ауруға күдіктің бар-жоғын анықтау. Күдікті өзгерістер анықталған жағдайда пациент әрі қарай тексерілу үшін онкологиялық орталыққа жолданады.

Бұлдан кейін журналистер Орталық қалалық емхананың диагностикалық бөліміне барды. Мұнда құны 146,52 млн теңгені құрайтын сараптамалық деңгейдегі ультратыбыстық зерттеу (УДЗ) аппараты орнатылған. GE Voluson Signature 18 және Signature 20 жүйелері Core/Unity озық архитектурасымен және жасанды интеллект элементтерімен жабықталған. Бұл деректерді жоғары жылдамдықпен өңдеуге және 2D/3D/4D форматындағы кескіндерді дәл алуға мүмкіндік береді.

Жабық акушерлік және гинекологияда, құрсақ қуысы ағзаларын зерттеуде, педиатрия мен неонатологияда, қалқанша және сүт бездері ауруларын диагностикалауда, урология, кардиология салаларында, сондай-ақ тірек-қимыл аппаратына зерттеу жүргізуде қолданылады. Орта есеппен аппарат күніне 25-ке жуық пациентке қызмет көрсетеді.

Тексеруден қала тұрғыны Зухра Сермағанбетова да өтті.

«Емхананан жүктілік бойынша пренаталдық скринингтің бірінші кезеңі аясында тексерілу



жоллама алдым, – деді ол. – Диагностикалық орталықта заманауи аппарат бар екенін естігенім. Тексеру дәл осы құрылғыда жүргізілгеніне қуаныштымын. Енді сәбиімнің дамуы жүктілік мерзіміне сәйкес екеніне сенімдімін.

Ультратыбыстық диагностика дәрігері Қайрат Жұмағұловтың айтуынша, бұл жабық жүктіліктің ерте кезеңінде-ақ ұрықтың сүйек жүйесін, аяқ-қолдарын, жүрегі және басқа да ағзаларын бағалауға мүмкіндік береді. Бұл туа біткен патологияларды уақытылы анықтап, әрі қарайғы медициналық шешімдерді қабылдауға ықпал етеді. Сонымен қатар аппарат ішкі ағзалар ауруларын диагностикалауда, соның ішінде бүйрек пен өт қабындағы тастарды, кисталар мен жаңа түзілімдерді анықтауда қолданылады. Осындай аппарат перинаталдық орталықта да орнатылған.

Филиалдың бас сарапшысы Айгүл Аханованың айтуынша, Бірыңғай пакет аясында әлеуметтік маңызы бар сегіз ауруға күдік болған жағдайда консультативтік-диагностикалық көмек тегін көрсетіледі. Олардың қатарында туберкулез, АИТВ-инфекциясы, созылмалы вирустық гепатиттер мен бауыр циррозы, катерлі ісіктер, психикалық және мінез-құлқылық бұзылыстар, орфандық (сирек) аурулар, желден миокард инфаркті және инсульт бар. Бұған дейін тегін консультативтік-диагностикалық көмек тек АИТВ-инфекциясы мен туберкулезге күдік болған жағдайда ғана көрсетілетін.

Осылайша, Бірыңғай пакет аясында медициналық көмек пакетінің енгізілуі заманауи диагностиканың қолжетімділігін арттыруға және әлеуметтік маңызы бар ауруларды дер кезінде анықтауға тең мүмкіндіктер қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болды.

ҚҰЛАҚ АУРУЛАРЫН ЕМДЕУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Жуырда ғана есту қабілетінің бұзылуы көбіне егде жастағы адамдарға тән мәселе деп есептелетін. Алайда соңғы жылдары есту қабілетінің төмендеуі жасөспірімдер мен жастар арасында жиі анықталып жүр. Осыған байланысты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 2026 жылы жасөспірімдер ортасында есту қабілетін жоғалтудың алдын алуға ерекше назар аударып келеді. Мамандардың мәліметінше, Қазақстанда есту мүшелерінің аурулары халықтың шамамен 5-7%-ында кездеседі.

Қармақшы ауданының тұрғыны Назым Қалмырзаева бұл мәселенің қаншалықты күрделі болатынын жақсы біледі. Ол есту мүшелеріне бірнеше рет ота жасатқан. Көп бейінді облыстық ауруханаға қатты ауырыну шағымымен тускен. Дәрігерлер созылмалы отиттің асқинуын және ортаңғы құлақ қуысында

катерсіз түзілісті анықтады. Науқасқа полиотомия ота сәтті жасалды.

«Мектеп кезінен құлағым ауыратын. Алғашқы ота облыстық ауруханада жасалды. Екі-үш жылдан кейін Ақсай республикалық балалар клиникалық ауруханасында емделдім. Алты жылдан соң тағы да ота қажет болып, оны көп бейінді облыстық ауруханада жасалды. Қазір дәрігерлердің бақылауындамын. Мамандарға алғысым шексіз, денсаулығым жақсарды. Колледж студенті болғандықтан, емді тегін алып жүрмін, – дейді Назым.

Мамандар еске салады: есту қабілеті бұзылған жағдайда медициналық қызметтердің толық көлемін алу үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесінде сақтандырылған болу қажет. Пациент ең алдымен

жергілікті дәрігерге қаралды, қажет болған жағдайда оториноларингологқа жолданады. Кеңес пен тексерулерден кейін көрсетілгендер болса, жоспарлы ота тағайындалады.

«Алдымен отоскопия – құлақты қарау, сондай-ақ мұрын мен тамақты тексеру жүргізіледі. Қажет болған жағдайда қосымша диагностикалық зерттеулерге: есту қабілетін бағалау үшін аудиометрия, тимпанометрия, компьютерлік және магниттік-резонанстық томография жолдаймыз, – дейді көп бейінді облыстық аурухананың оториноларинголог дәрігері Елжас Өтеген.

Дәрігерлердің айтуынша, уақытылы медициналық көмекке жүгіну және профилактикалық тексерулерден өту ауыр асқынудың алдын алып, есту қабілетін ұзақ жылдар бойы сақтауға мүмкіндік береді.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлқы қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде (8(7242) 27-42-42 «Сенім телефоны») жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.



Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС
Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдіреді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Тарапымыз 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №48

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
<https://ret-gazeta.kz/>